

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқу-әдістемелік кешені**

Бағыты: Құқықтану

Шифр: 5В030100

Пән: Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы (ерекше бөлім)

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ**

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖӘНЕ  
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ  
ҚҰҚЫҒЫ (ЕРЕКШЕ БӨЛІМ) пәні**  
бойынша семинарлық сабақтарды жүргізуге  
арналған  
**ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР**  
(заң факультетінің 5В030100-құқықтану мамандығы студенттері үшін).

**АЛМАТЫ 2015 ж.**

Әдістемелік нұсқаулықтарқылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының аға оқытушысы Баяндина М.О.дайындалған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің Ғылыми кеңесімен ұсынылған және бекітілген.

\_\_\_\_\_Д.Л. Байдельдинов

Хаттама « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2015 ж.

**Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің 5В030100-құқықтану мамандығы студенттері үшін қылмыстық құқықтық пәндер бойынша семинарлық сабақтардыжүргізуге арналған әдістемелік нұсқаулар.**

## 1. Жалпы ережелер

“Құқықтану” мамандығы бойынша оқып жатқан студенттердің оқу нысанының бір түрі болып семинарлық сабақтар танылады. Ұсынылып жатқан жалпы ережелер тек қана ұсынушылық сипатқа ие.

**Тәжірибелік сабақтар** оқу үдерісінің қажетті элементі болып табылады. Тәжірибелік сабақтардың мақсаты – дәрістен алған білімді тереңдету, ұлғайту, кәсіби маңызды білім мен машықты қалыптастыру. Тәжірибелік сабақтар студенттерге заңи терминологияны меңгеруге, сөйлеу мәдениетін және кәсіби ойлау қабілетін дамытуға көмектесіп, оралымды екі жақты байланыстың құралы болып табылады.

Студенттер тәжірибелік сабақтар данақты жағдайларға құқықтық нормаларды қолдану, нормативтік құжеттарды түсіндіру, көптеген құқықтық актілердің ішінен тиісті нормаларды таңдап алу машығына, өзінің даралығын, ойлау дербестігін, өз пікірін аяғына дейін ұстану қабілетіне ие болады.

Тәжірибелік сабақтардың құрылымы келесі элементтерді қамтиды: ұйымдастырушылық кезең (оқытушы студенттермен сәлемдесіп, журналда сабаққа келмеген студенттерді белгілейді, студенттердің сабаққа дайындығын анықтап, сабақтың тақырыбы мен жоспарын жариялайды); материал бойынша студенттердің сұраққа жауабын тыңдайды; негізгі бөлім (теориялық сұрақтарды талдау және есептерді шығару); сабақты қорытындылау (оқытушы бүкіл топтың жұмысын бағалап, бағаларды жариялап, түсінедіреді, нақты студенттердің жауаптарындағы жетістіктер мен жіберілген кемшіліктерді көрсетіп, келесі сабаққа тапсырма береді). Тәжірибелік сабақтардың негізгі бөлімі теориялық сұрақтарды есептерді шешумен оралымды үйлестіруге арналуы керек, уақыттың елеулі бөлігі есептерді шешуге жіберіліп, 50 минуттық сабақ барысында теориялық сұрақтарды талдауға 10-15 минут уақыттың жұмсалуды ұсынылады. Теориялық сұрақтарды талдау әртүрлі: студенттердің баяндамалары, есептерді шешу, теориялық семинар жүргізілуі мүмкін.

Оқытушы студенттерге баяндаманың қандай талаптарға сәйкес келуі қажет екендігін түсіндіруі қажет. Баяндаманың тақырыбын белгіліген соң, жұмыста пайдаланылған авторларды атап, баяндаманың жоспарын және баяндама бойынша тиісті сұрақтарды қайнар көздерге сілтеме, авторлардың пікірін келтіре отырып, мүмкіндігінше өз пікірін білдіре отырып жан-жақты түрде баяндау қажет.

Есептерді шешу, қойылған сұрақтарға толық жауап беру түрінде жазбаша нысанда студенттердің дәптерлерінде болуы қажет. Есепте берілген әрбір оқиға, жағдай олармен байланысты сұрақтарды заңи бағалауды талап етеді. Әр сұраққа заң нормаларына сілтеме жасай отырып, нақты жауап берілуі (иә, жоқ) керек. Студент тиісті норманы қалай қолданғанын, сәйкес жағдайларда ҚР Жоғарғы сотының нормативтік қаулыларына, ғылыми түсіндірулерге сілтеме жасай отырып көрсетуі

кажет. Осы әдіснаманы меңгерген студент кәсіби міндеттерді тиімді шешуге байланысты тәжірибелік машыққа ие болады.

**Семинар** (лат. *seminarium* – рассадник, көшет) – жетекшінің тапсырмасы бойынша жекелеген сұрақтар, проблемаларды баяндама немесе бірігіп талқылау түрінде студенттердің өз бетінше зерделеуіне негізделген, оқу үдерісінің нысаны. Тәжірибелік сабақтарға қарағанда семинар теориялық сипатқа ие және белгілі бір пәнде терең бағытталған. Семинар сабақтары оқушыларды оқу-танымдық қызмет барысында дербестік танытуға бағыттай отырып, білімді нығайтуға көмектеседі. Семинар барысында қайнар көздермен, қосымша әдебиеттермен, құжаттармен жұмыс нәтижесінде алынған білім жүйеленеді, тереңдетіледі, қадағаланады. Семинар сабақтарының басты мақсаты – студенттерді зерттелінетін салалардың ерекшелігіне қарай, теориялық білімді пайдалану дағдылары мен машықтарына ие болу мүмкіндігімен қамтамасыз ету.

Негізгі мақсаттық бағытына байланысты семинардың үш типін ажыратамыз:

1) белгілі бір оқу курсы терең зерттеуге арналған, осы курстың материалымен тақырыптық байланысты семинар;

2) әдіснамалық тұрғыдан маңызды курстың немесе белгілі бір тақырыпты негізді түрде дайындауға арналған семинар;

3) арнайы семинарға ұласуы мүмкін, жекелеген өзекті мәселелерді ғылыми өңдеуге арналған зерттеу типіндегі семинар.

Арнайы семинар белгілі ғалымның жетекшілігімен белгілі бір проблемаға байланысты жас зерттеушілердің қарым-қатынасының мектебін білдіреді. Тәжірибелі жетекші ғылыми шығармашылықтың ауа-райын қалыптастырып, студенттерді ұжымдық ойлау қызметіне бағдарлап, зерттеу жұмысының тиімді әдістерін пайдаланады. Қорытынды сабақта оқытушы студенттік ғылыми жұмыстарға толыққанды шолу жасап, қорытындылайды, қарастырылған проблемалардың ары қарата зерттелу мүмкіндіктерін аша отырып, қызығушылық білдірген студенттердің осы проблемаларды зерттеуге қатысу мүмкіндіктерін түсіндіреді.

Семинар сабақтары дәріс сабақтарымен тығыз байланысты, дегенмен де семинардың оқу материалы дәріс материалың қайталамайды. Оқытушының жетекшілік рөлі оқу жұмысын тиянақты жоспарлаудан, маңызды сұрақтарды семинарда талдауға бөліп шығарудан, дербес дайындалу үшін әдебиеттерді таңдаудан, талқылау үдерісіне басшылық жасаудан көрінеді.

Жүргізу әдісіне байланысты семинар келесі түрлерге бөлінеді.

**Семинар-сұхбат** семинар жоспарындағы барлық сұрақтар бойынша бүкіл студенттердің сабаққа дайындалуын білдіріп, тақырыпты белсенді талқылауға студенттердің елеулі бөлігінің тартылуын білдіреді. Оқытушының қысқаша баяндамасынан кейін, жоспардағы нақты сұрақтар бойынша бірнеше студенттердің жан-жақты мәлімдемелері тыңдалып, басқа студенттердің жауаптарымен толықтырылады, соңынан оқытушы қорытындылайды.

**Семинар-дискуссия**, немесе семинар-диспут қандай да болмасын проблеманы ұжымдық талқылау және шешу үшін семинарға қатысушылардың диалогтық сөйлесу мүмкіндігін білдіреді. Талқылау үшін оқытылатын пәннің ең өзекті мәселелері таңдалынады. Участники Дискуссияға қатысушылар өз ойларын нақты құруға, өз пікірлерін ұстап тұруға, сын пікірлерге дәлелді түрде қарсы тұруға үйренеді. Семинар сабақтарының ең тиімді нысаны қатысушылардың сәйкес орналасуы қағидасындағы «дөңгелек үстел». Осыған байланысты диалог арқылы дискуссия тақырыбын бірігіп өрбіту үшін, студенттерді қарым-қатынас, өзара әрекет мәдениетіне үйрету қажет.

**Семинардың аралас нысаны** баяндамаларды талқылау, қатысушылардың еркін сөйлеуі, жоспарланған дискуссиялар түрінде өтеді.

Студенттердің семинарға дайындалуына педогогикалық жетекшілік ету оқытушының баяндамалардың жоспарын құруға көмектесуінен, әдеби қайнар көздерді конспектілеуге үйретуден, рефераттар мен баяндамалардың мәтінін дұрыс рәсімдеуге, өзіндік жұмыс барысында туындаған сұрақтарға байланысты кеңес беруден көрінеді.

## **СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ**

### **СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ**

**Семинар 1.** Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы.

**Семинар жоспары (1 сағат):**

1. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері.
2. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз, хабар
3. Кінәсін мойындап келу. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар. Қылмыстық құқық бұзушылықтың анықталғаны туралы баянат.
4. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау міндеттілігі.
5. Қылмыстық құқық бұзушылық туралы тіркелген арызды немесе хабарды тергеулігі бойынша беру.

#### **Ұсынылатын әдебиеттер**

##### **1. Нормативтік материал**

1. ҚР Қылмыстық процесстік кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен.

##### **2. Әдебиеттер:**

1. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан \ Под ред. Когамова. Алматы, 2015 г.
2. Уголовное процессуальное право РФ. Особенная часть: Учебник / Под ред. проф. Гуценко. М., 2014г.

## **Семинар 2. СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУ ЖҮРГІЗУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ**

### **Семинар жоспары (1 сағат):**

1. Тергеулік. Түсінігі және түрлері.
2. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілетін жер.
3. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандары.
4. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру.
5. Анықтау нысанында және хаттамалық нысанда жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру.
6. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі.
7. Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы өкілеттіктері. Тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі. Топ жетекшісінің өкілеттіктері.
8. Анықтау органдарының алдын ала тергеу жүзеге асырылатын істер бойынша қызметі. Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы қағидалары.
9. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында шығарылатын қаулылар. Тергеу әрекетінің хаттамасы.
10. Қылмыстық құқық бұзушылықтар және басқа да заң бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсыну. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге жол бермеу

### **Ұсынылатын әдебиеттер**

#### **1. Нормативтік материал**

1. ҚР Қылмыстық процесстік кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен

#### **2. Әдебиеттер:**

1. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу Республики Казахстан \ Под ред. Когамова. Алматы, 2015 г.
2. Уголовное процессуальное право РК.: Учебник / Под ред. проф. Джансараевой Р.Е, проф Берсугуровой Л.Ш. Қазақ университеті: Алматы, 2015г.

## **Семинар 3. Адамды күдікті деп тану және күдіктінің іс-әрекетінің саралануын айқындау**

### **Семинар жоспары (1 сағат):**

1. Адамды күдікті деп тану туралы жариялау.
2. Күдіктінің іс-әрекетінің саралануын айқындау.
3. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы. Күдіктінің келу міндеттілігі
4. Күдіктіге оның іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жария ету тәртібі.
5. Күдіктінің іс-әрекетін саралауды өзгерту және толықтыру

### **Ұсынылатын әдебиеттер**

#### **1. Нормативтік материал**

1. ҚР Қылмыстық процесстік кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 202-207 баптар.

**Семинар 4.** Айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық іс бойынша прокурордың шешімі. **Семинар жоспары (1 сағат):**

1. Айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық істі зерделеу кезінде прокурор шешетін мәселелер.
2. Айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық іс бойынша прокурордың шешімі.
3. Прокурордың бұлтартпау шарасы туралы шешімі.
4. Айыптау актісін табыс ету.
5. Айыпталушыны сотқа беру және қылмыстық істі сотқа жіберу

**Ұсынылатын әдебиеттер**

1. ҚР Қылмыстық процесстік кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 298-305 баптар.

**Семинар 5.** Қылмыстық істердің соттылығы. Бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу

**Семинар жоспары (1 сағат):**

- 1 Қылмыстық істердің соттылығы. Бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу.
- 2 Басты сотталқылауынтағайындау туралы мәселені шешу және сототырысына дайындық әрекеттері.
- 3 Басты сот талқылауының жалпы шарттары.
- 4 Басты сот талқылауының дайындық бөлігі.
- 5 Сот тергеуі
- 6 Сот жарыссөзі және сотталушының соңғы сөзі
- 7 Үкім шығару
- 8 Жеке айыптау істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері

**Ұсынылатын әдебиеттер**

1. ҚР Қылмыстық процесстік кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 306-413 баптар.

**Семинар 6.** Соттың үкімдері мен қаулыларын апелляциялық және кассациялық тәртіппен қайта қарау **Семинар жоспары (1 сағат):**

1. Соттың заңды күшіне енбеген шешімдеріне апелляциялық шағым жасау, наразылық білдіру
2. Апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша істерді қарау.
3. Істерді кассациялық шағымдар, наразылықтар бойынша қарау

**Ұсынылатын нормативтік актілер:**

1. ҚР Қылмыстық процесстік кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 414-469 баптар.

**Семинар 7.** Соттың үкімдері мен қаулыларын орындау.

**Семинар жоспары (1 сағат):**

1. Үкімнің заңды күшіне енуі және оны орындауға енгізу. Сот қаулысының заңды күшіне енуі және оны орындауға енгізу.
2. Соттың үкімін, қаулысын орындауға енгізу тәртібі. Сотталған адамның туыстары мен азаматтық талапкерге үкімнің орындауға енгізілгені туралы хабарлау.
3. Туыстарына сотталған адаммен кездесуге рұқсат беру.
4. Үкімнің орындалуын кейінге қалдыру.
5. Үкімді орындау кезінде соттың қарауына жататын мәселелер. Үкімді орындауға байланысты мәселелерді шешетін соттар.
6. Үкімді орындауға байланысты мәселелерді шешу тәртібі. Сотталғандықты алып тастау туралы өтінішхаттарды қарау.
7. Жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру туралы мәселелерді қарау.
8. Жазадан ауруына байланысты босату туралы өтінішхаттарды қарау. Сотталғандардың шағымдарын қарау. Судьяның қаулысына шағым жасау және наразылық білдіру

**Ұсынылатын әдебиеттер**

**1. Нормативтік материал**

1. ҚР Қылмыстық процесстік кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 470-483 баптар.
2. Қазақстан Республикасының Президентінің 2006 жылы 10 қазанда қабылдаған «Қазақстан Республикасының ақпараттық қауіпсіздік тұжырымдамасы туралы» №199 Жарлығы. // Справочно-аналитическая система «Юрист».

**2. Әдебиеттер:**

**Семинар 8.** Соттың заңды күшіне енген шешімдерін қайта қарау жөнінде іс жүргізу.

**Семинар жоспары (1 сағат):**

1. Заңды күшіне енгеннен кейін сот қадағалауы тәртібімен қайта қаралуы мүмкін сот актілері. Соттың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларын сот қадағалауы тәртібімен қайта қарау негіздері.
2. Соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларын сот қадағалауы тәртібімен қайта қарау туралы өтінішхат беруге, соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларына наразылық білдіруге құқығы бар адамдар.
3. Соттың заңды күшіне енген шешімдеріне сот қадағалауы тәртібімен шағым жасау мерзімдері. Соттың заңды күшіне енген үкімін, қаулысын қайта қарау туралы өтінішхат, наразылық, ұсыну беру тәртібі.
4. Өтінішхаттарды, наразылықты, ұсынуды қарамай қайтару Соттың заңды күшіне енген актілерін қайта қарау туралы өтінішхатты алдын ала қарау.
5. Өтінішхатты алдын ала қарау нәтижелері бойынша қабылданатын қаулылар. Қадағалау сатысының сот отырысын тағайындау.
6. Соттың үкімін, қаулысын орындауды тоқтата тұру. Істі қадағалау сатысында қараудың тәртібі, қадағалау сатысындағы соттың шешімдері.
7. Қорғаушының қадағалау сатысындағы сотқа міндетті түрде қатысуының негіздері.



Қадағалау сатысындағы сот қаулысының мазмұны.

8. Істі соттың үкімі мен қаулысының күші жойылғаннан кейін қарау. Соттың істі жаңадан қарау кезінде шығарған үкімін және қаулысын қайта қарау туралы өтінішхат, наразылық келтіру

#### **Ұсынылатын әдебиеттер**

##### **1. Нормативтік материал**

1. ҚР Қылмыстық процесстік кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 484-498 баптар.

##### **2. Әдебиеттер:**

**Семинар 9.** Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау.

#### **Семинар жоспары (1 сағат):**

1. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді қайта бастаудың негіздері. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қаралуға жататын қылмыстық істер бойынша сот шешімдері.
2. Іс жүргізуді қайта бастау мерзімдері. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуді қозғау тәртібі.
3. Прокурордың тексеру немесе тергеп-тексеру аяқталғаннан кейінгі әрекеттері.
4. Соттың іс бойынша іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау туралы өтінішхаттарды қарау тәртібі. Сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтінішхатты қарау қорытындысы бойынша шығарылған соттың қаулысы
5. Прокурордың сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтінішхатын қарау қорытындысы бойынша шығарылған сот қаулысы.
6. Сот қаулысын қайта қарау және сот шешімдерінің күші жойылғаннан кейін іс жүргізу.
7. Істі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау кезіндегі азаматтық талап қою

#### **Ұсынылатын әдебиеттер**

##### **1. Нормативтік материал**

1. ҚР Қылмыстық процесстік кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 499-508 баптар.

##### **2. Әдебиеттер:**

**Семинар 10.** Есі дұрыс емес адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша сот ісін жүргізу..

#### **Семинар жоспары (1 сағат):**

1. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша іс жүргізу үшін негіздер. Дәлелденуге жататын мән-жайлар. Қауіпсіздік шаралары
2. Туыстарының, қорғаншыларының, қамқоршыларының қарауда ұстауына беру. Мамандандырылған медициналық ұйымға орналастыру.
3. Қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған

- немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін психикасының бұзылуымен ауырған адамға қатысты істі бөліп шығару.
4. Өзіне қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы іс жүргізілетін адамның құқықтары. Заңды өкілдің қатысуы. Қорғаушының қатысуы.
  5. Алдына латергеудің аяқталуы Сотта іс жүргізу. Іс бойынша шешім қабылдау кезінде сот шешетін мәселелер. Соттың қаулысы
  6. Соттың қаулысына шағым жасау және наразылық білдіру. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды тоқтату, өзгерту және ұзарту.
  7. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы қолданылған адамға қатысты қылмыстық істі қайта бастау

### **Ұсынылатын әдебиеттер**

#### **1. Нормативтік материал**

ҚР Қылмыстық процесстік кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 509-524 баптар.

#### **2. Әдебиеттер:**

**Семинар 11.** Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша іс жүргізу.. **Семинар жоспары (1 сағат):**

1. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша анықталуға жататын мән-жайлар.
2. Кәмелетке толмағандардың істері бойынша жариялылықты шектеу. Кәмелетке толмаған адам туралы істі жеке іс жүргізуге бөліп шығару.
3. Кәмелетке толмаған күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны шақыру тәртібі. Кәмелетке толмаған күдіктіден, айыпталушыдан, сотталушыдан жауап алу. Қорғаушының қатысуы.
4. Кәмелетке толмаған күдіктінің, айыпталушының заңды өкілінің сотқа дейінгі іс жүргізуге қатысуы. Педагог пен психологтің қатысуы.
5. Кәмелетке толмаған адамға кешенді психологиялық-психиатриялық және психологиялық сараптама жасау.
6. Кәмелетке толмаған адамды бала құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды заңға сәйкес жүзеге асыратын ұйымға орналастыру немесе патронатқа беру.
7. Кәмелетке толмағандарды ұстап алу және оларға бұлтартпау шараларын қолдану. Сотта кәмелетке толмаған адамға қатысты істі қарау ерекшеліктері.
8. Кәмелетке толмаған сотталушыны сот отырысының залынан шығарып жіберу. Кәмелетке толмаған адамның ісі бойынша үкім шығару кезінде сот шешетін мәселелер.
9. Мәжбүрлеп тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдана отырып, кәмелетке толмаған адамды жазадан босату

### **Ұсынылатын әдебиеттер**

#### **1. Нормативтік материал**

1. ҚР Қылмыстық процесстік кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен

#### **2. Әдебиеттер:**

**Семинар 12.** Қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдардың істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері. **Семинар жоспары (1 сағат):**

1. Қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдардың істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктерін қолдану шегі..
2. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу.
3. Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидатқа, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттығына кандидатқа қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу.
4. Судьяға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттығына кандидатқа, Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидатқа, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне, судьяға, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты қылмыстық істі соттың талқылауы.
5. Қылмыстық қудалаудан дипломатиялық иммунитеті бар адамдар. Дипломатиялық иммунитетті пайдаланатын адамдарды ұстап алу және күзетпен ұстау.
6. Айғақтар беруден дипломатиялық иммунитет Үй-жайлар мен құжаттардың дипломатиялық иммунитеті

**Ұсынылатын әдебиеттер**

**1. Нормативтік материал**

1. ҚР Қылмыстық процесстік кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 546-556 баптар.

**2. Әдебиеттер:**

**Семинар 13.** Құқықтық көмек. Адамдарды ұстап беру (экстрадициялау)

**Семинар жоспары (1 сағат):**

1. Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салудың (тапсырманың, өтінішхаттың) мазмұны мен нысаны. Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуды (тапсырманы, өтінішхатты) қарау.
2. Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуды (тапсырманы, өтінішхатты) қарау нәтижелері туралы хабар. Құпиялық.
3. Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуды (тапсырманы, өтінішхатты) орындаудан бас тарту. Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуды (тапсырманы, өтінішхатты) орындау тәртібі
4. Арнайы рұқсатты қажет ететін процесстік әрекеттер. Сұрау салушы мемлекеттің құзыретті органдары өкілдерінің қатысуы. Құжаттарды табыс ету. Уақытша беру. Қазақстан Республикасынан тыс жердегі адамды шақыру.
5. Бейнебайланыс орнату арқылы процесстік әрекеттерді жүргізу. Мүлікті іздестіру, оған тыйым салу және оны тәркілеу. Бірлескен тергеу, жедел-тергеу топтарын құру және олардың қызметі
6. Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салуды жіберу  
Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы құжаттарды дайындау және сұрау салуларды жіберу тәртібі.

7. Адамды уақытша ұстап беру (экстрадициялау). Ұстап берілген (экстрадицияланған) адамның қылмыстық жауаптылығының шегі. Ұстап берілген (экстрадицияланған) адамға қатысты қылмыстық іс жүргізу нәтижелері туралы ақпарат беру Күзетпен ұстау мерзімдерін есептеу. Адамды транзиттеу және уақытша ұстап беру (экстрадициялау) кезінде күзетпен ұстау.
8. Ұстап берілуі (экстрадициялануы) сұратылатын адамның құқықтары. Қазақстан Республикасынан тыс жерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды ұстап алу ерекшеліктері.
9. Адамды уақытша күзетпен ұстау. Экстрадициялық қамаққа алу. Адамды ұстап беруден (экстрадициялаудан) бас тарту. Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу бойынша шешім. Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімге шағым жасау тәртібі.
10. Шет мемлекетке беруді кейінге қалдыру және адамды уақытша ұстап беру (экстрадициялау). Адамды беру (экстрадициялау). Транзиттік тасымалдау

### **Ұсынылатын әдебиеттер**

#### **1. Нормативтік материал**

1. ҚР Қылмыстық процесстік кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 331-371 баптар.

#### **2. Әдебиеттер:**

#### **Семинар 14. Процестік келісім жасалған істер бойынша іс жүргізу. Семинар жоспары (1 сағат):**

1. Процестік келісім жасалған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру.
2. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді жасасуға арналған шарттар.  
Кінәні мойындау туралы мәмілені нысанында процестік келісімді жасасудың салдарлары.
3. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасу туралы өтініш хатты қарау тәртібі.  
Кінәні мойындау туралы мәмілені нысанында процестік келісім жасасу тәртібі.
4. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасқаннан кейін қылмыстық іс бойынша прокурордың, тергеушінің, анықтаушының әрекеттері.
5. Ынтымақтастық туралы процестік келісім.  
Ынтымақтастық туралы процестік келісімді жасасу тәртібі.  
Ынтымақтастық туралы процестік келісімді бекіту тәртібі.  
Ынтымақтастық туралы процестік келісімнің шарттарын орындау бойынша прокурордың әрекеттері

### **Ұсынылатын әдебиеттер**

#### **1. Нормативтік материал**

1. ҚР Қылмыстық процесстік кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 612-621 баптар.

#### **2. Әдебиеттер:**

**Семинар 15** Заңсыз жолмен алынған мүлікті үкім шығарылғанға дейін тәркілеу туралы іс

жүргізуді жүзеге асыру тәртібі туралы.

**Семинар жоспары (1 сағат):**

1. Заңсыз жолмен алынған мүлікті үкім шығарылғанға дейін тәркілеу туралы іс жүргізуді қозғау.
2. Тәркілеу туралы сотқа дейінгі іс жүргізу.
3. Соттың тәркілеу туралы өтінішхатты қарауы.
4. Тәркілеу туралы іс жүргізуде соттың кеңесу бөлмесінде шешетін мәселелері
5. Тәркілеу туралы іс жүргізудегі сот шешімі.
6. Тәркілеу туралы қаулыға шағым жасау, наразылық білдіру

**Ұсынылатын әдебиеттер**

**1. Нормативтік материал**

1. ҚР Қылмыстық процесстік кодексі 4 шілде 2014 жыл өзгерістермен және толықтыруларымен 672-677 баптар.